



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

22.12.2023 № 2-80-23-00270

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

Құрметті Парламент Мәжілісінің депутаттары!

Бас прокуратура заңсыз алынған мүлікті қайтару туралы сіздердің депутаттық сауалдарыңызды, оның ішінде Бас прокуратураның тиісті ведомствасының басшысына жолдаған сауалдарыңызды қарады.

Өздеріңіз білетіндей, активтерді қайтарудың негізгі қағидаттарының бірі процеске қатысушылардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғаудың заңдылығының басымдығы болып табылады («Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабы, бұдан әрі қарай – Заң).

Осыған байланысты Бас прокуратураның Активтерді қайтару жөніндегі комитеті (әрі қарай – Комитет) Заңда көзделген барлық шара мен тетікті жүзеге асыра отырып, ұлттық заңнамаға сәйкес қатаң жұмыс істейді.

Комиссияның бірнеше отырысы өтті, бірқатар адам Тізілімге енгізілді, хабарламалар берілді және декларациялар күтілуде.

Активтердің ашылуын күтпей-ақ, Комитет бірінші күннен бастап субъектілер туралы мәлімет жинау бойынша жұмыс жүргізуде, оларды активтерді сатып алу (шығу) көздерінің заңдылығына талдау және тексеру жүргізеді, заңсыз баю белгілері бар нақты істерге бастама жасайды және алға жылжытады.

Сонымен қатар біз жүздеген активтерді, яғни ірі холдингтерді бақылайтын тұлғалар туралы айтып отырғандықтан, Комитет деректердің үлкен көлемімен, соның ішінде шетелдік көздерден алынған деректермен айналысады.

Мәселен, бүгінде Комитет сарапшыларының зерделеуінде субъектілер мен олардың үлестес тұлғаларының 250 мыңға жуық банктік операциясы бар.

Заң бойынша шаралар қабылдаумен қатар, бұрын басталған іс-шаралар жалғасуда.

Бүгінде мемлекетке 950 миллиард теңгеден астам активтер қайтарылды («Қазақстан халқына» қорына аударылған ақшаға қатысы жоқ).

Сіздер көтерген ұйымдастыру және басқа да мәселелер бойынша келесіні хабарлаймыз.

Комитеттің штат саны 50 бірлікті құрайды.

Жедел кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету тиісті ведомстваға өзінің негізгі функцияларын бірден дерлік орындауға кірісуге мүмкіндік берді.

Комитет барлық құқық қорғау, арнайы мемлекеттік және уәкілетті органдармен белсенді өзара іс-қимыл жасайды.

Жұмыс шетелдік юрисдикцияларға қатысты мәселелерге (сұраныс бағыты, шетелдік мүдделі тараптармен байланыс және т.б.) сәйкес құрылымдалған, тартылған жұмысшылардың барлығы дерлік осымен айналысады.

Халықаралық-құқықтық ынтымақтастықты жалпы қолдауды 4 қызметкерден тұратын мамандандырылған басқарма қамтамасыз етеді.

Активтерді қайтару жөніндегі іс-шаралар заңмен қорғалатын құпияны сақтаудағы шектеулерді ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында үнемі жарияланады.

Комитет БАҚ өкілдерінің ондаған сұрақтарына жазбаша жауаптар мен түсініктемелер берді.

Үкімет пен Бас прокуратура басшылығы «Хабар» және «Qazaqstan» телеарналарында активтерді қайтару процесінің ең өзекті аспектілері туралы арнайы сөз сөйледі.

Соңғы мысалдар, Комиссия мүшесі, Парламент Мәжілісінің депутаты, сондай-ақ Қаржы және бюджет комитетінің басшысы Мәди Такиевтың «Время» (13.12.23ж.) газетіне және «Kazinform» ХАА-ға (18.12.23ж.) берген сұхбаттары.

Нақты субъектілер мен объектілерге қатысты шараларды тиімді ілгерілетуге баса назар аудара отырып, БАҚ қолдауы күшейтілетін болады.

Парламенттік бақылауға келетін болсақ, ең алдымен заң шығарушылар алдындағы есеп беру Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттары комиссиясы жұмысына қатысу арқылы қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар біз депутаттық корпуспен норма шығару мәселелерінде ғана емес, жалпы заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі шаралар кешені аясында өзара іс-қимыл жасауға бағытталғанбыз.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, жекелеген тұлғалар мен компанияларға қатысты берілген ақпарат үшін алғысымызды білдіреміз. Ол тиісті ведомствоның қызметінде ескерілетін болады.

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры**

Б. Асыллов



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

22.12.2023 № 2-80-23-00270

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)

Уважаемые депутаты Мажилиса Парламента!

Генеральной прокуратурой рассмотрен ваш депутатский запрос по вопросам возврата незаконно приобретенных активов, адресованный в том числе руководителю профильного ведомства Генеральной прокуратуры.

Как вам известно, одними из ключевых принципов возврата активов являются законность, приоритет защиты прав, свобод и интересов участников процесса (статья 4 Закона Республики Казахстан «О возврате государству незаконно приобретенных активов», далее - Закон).

В этой связи Комитет по возврату активов Генеральной прокуратуры (далее - Комитет) осуществляет свою деятельность в строгом соответствии с нормами национального законодательства, реализуя все предусмотренные Законом меры и механизмы.

Проведены несколько заседаний Комиссии, ряд лиц включен в Реестр, им вручены уведомления и ожидаются декларации.

Не дожидаясь раскрытия активов, Комитет с первого дня проводит работу по сбору сведений по субъектам, анализирует и проверяет их на предмет законности источников приобретения (происхождения) активов, инициирует и продвигает конкретные кейсы с признаками незаконного обогащения.

При этом, поскольку речь идет о лицах, которым подконтрольны сотни активов, в том числе крупные холдинги, Комитет имеет дело с большим массивом данных, в том числе полученных из иностранных источников.

К примеру, на сегодня на изучении экспертов Комитета находятся около 250 тысяч банковских транзакций субъектов и их аффилированных лиц.

Наряду с принятием мер по Закону продолжают и ранее начатые мероприятия.

На сегодня государству возвращены активы на более 950 млрд тенге (не связаны с деньгами, перечисленными в фонд «Қазақстан халқына»).

По организационным и другим поднятым вами вопросам сообщаем следующее.

Штатная численность Комитета составляет 50 единиц.

Оперативное кадровое и материально-техническое обеспечение позволило профильному ведомству практически сразу же приступить к выполнению своих основных функций.

Комитет активно взаимодействует со всеми правоохранительными, специальными государственными и уполномоченными органами.

Работа построена посубъектно, соответственно, вопросами, связанными с иностранными юрисдикциями (направление запросов, контакты с зарубежными стейкхолдерами и др.), занимаются практически все задействованные работники.

Общее сопровождение международно-правового сотрудничества обеспечивает профильное управление в составе 4-х сотрудников.

Деятельность по возврату активов постоянно освещается в СМИ с учетом ограничений по соблюдению охраняемой законодательством тайны.

Комитет письменно предоставил ответы и разъяснения на десятки вопросов представителей медиа-сферы.

Руководство Правительства и Генеральной прокуратуры специально выступило по самым актуальным аспектам процесса возврата активов по телеканалам «Хабар» и «Qazaqstan».

Последние примеры - интервью члена Комиссии, депутата и главы Комитета по финансам и бюджету Мажилиса Парламента Такиева Мади газете «Время» (13.12.23г.), а также МИА «Казинформ» (18.12.23г.).

Медиа-сопровождение будет усилено с акцентом на результативное продвижение мер в отношении конкретных субъектов и объектов.

Что касается парламентского контроля, то, в первую очередь, подотчетность перед законодателями обеспечивается за счет участия в работе Комиссии депутатов Мажилиса и Сената Парламента

Кроме того, мы нацелены на взаимодействие с депутатским корпусом не только в вопросах нормотворчества, но и в целом в рамках комплекса мер по возврату государству незаконно приобретенных активов.

Пользуясь случаем, выражаем признательность за предоставленную информацию в отношении отдельных лиц и компаний. Она будет учтена в деятельности профильного ведомства.

**Генеральный Прокурор
Республики Казахстан**

Б. Асыллов